

Бекітемін *Е. - М. Г.*  
«Kids Avenue» жеке балабақша  
директор Гаврилина Е.М.



## 2025-2026 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	<p><b>Тақырыбы: «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман»</b> <span style="float: right;"><b>Мақсаты:</b></span>            2025-2026 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тындау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.</p>		
1	<p>1.Топтардың 2025 - 2026 оқу жылына дайындығы, жылдық жоспармен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.            - 2025 - 2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.            - Жазғы сауықтыру – шынықтыружұмыс жоспарын қорытындылау.            - Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау.            - «Адал азамат»:біртұтас тәрбие бағдарламасы ақпараттық түсіндіру.            -2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы»            2.2025 - 2026 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік – құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру.            3.Бекіту:            Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс – әрекеттерді бекіту.            Топтардың перспективалық жылдық жоспары.            -пән бойынша жылдық перспективалық жоспарлар            Педкеңес шешімі</p>	29 -тамыз	Директор педагогтары

2	<p>Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзіреттілігін ойын арқылы дамыту жолдары            Мақсаты: Ойын әрекетінің бала тілін дамытудағы маңызын анықтау, педагогтердің озық іс-тәжірибесін</p>	қараша	әдіскер, педагогтары Тәрбиешілер,пән мұғалімдері
---	---	--------	---



**«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1ХАТТАМАСЫ**

**Қатысқаны: 10**

**Уақыты: 29.08.2025 жыл**

**Тақырыбы:** «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман»

**Мақсаты:** 2025 - 2026 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерін айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру - шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тыңдау. Тамыз кеңесінде айтылған ой - пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.

**Күн тәртібі:**

1. Топтардың 2025 - 2026 оқу жылына дайындығы, жылдық жоспармен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.
  - 2025 - 2026 оқу жылының жылдық жоспарымен, жаңа жылдың міндеттерімен таныстыру, бекіту.
  - Жазғы сауықтыру – шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылау.
  - Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау.
  - «Адал азамат»: біртұтас тәрбие бағдарламасы ақпараттық түсіндіру.
  - 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтері үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы»
2. 2025 - 2026 жаңа оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік – құқықтық құжаттар туралы толық түсіндіру.
3. Бекіту:

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс – әрекеттерді бекіту.

Топтардың перспективалық жылдық жоспары.

-пән бойынша жылдық перспективалық жоспарлар

Педкеңес шешімі.

**Тыңдалды:** әдіскері Е.М.Гаврилина педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім беру саласындағы өзгерістерді атап өтті. 2025 - 2026 оқу жылының күн тәртібі, жылдық жоспары, жылдық міндеттерін таныстырды. Жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыс жоспарын қорытындылады.

«Адал азамат»: біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстырып, түсіндірді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогтері үшін міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандарын бекіту туралы 2020 жылдың 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен таныстырды.

Топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру жұмыстары туралы есебін берді.

2025 – 2026 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық құжаттар туралы түсіндіріп тәрбиешілерге баяндап берді.

**Сөйледі:** Тәрбиеші Сатыбалдиева Мария педагогтерге жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсат міндеттерін, құндылықтарын түсіндік, алдағы оқу жылында қолданамыз.

## №1 Педагогикалық кеңес шешімі:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелсін.  
Жаңа оқу жылының күн тәртібі, оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу кестесі, жылдық жоспары бекітілсін, топтар жиынтығы құрастырылсын.  
Оқу жоспары Орал қаласының білім беру бөліміне ұсынылсын.  
Жауапты: әдіскер Е.М.Гаврилина
2. ҚР ЖММББС, әдістемелік нұсқаулық хат т.б. «Адал азамат – біртұтас тәрбие» бағдарламалары қолданылсын.
3. Топтардың пән мұғалімдерінің жылдық жоспарлары

ҚР ОАМ 2024ж 29қазандағы №319 бұйрық негізінде педагогтары перспективалық жылдық жоспары балаларды тәрбиелеумен оқыту циклограмасын бірлесіп жазу.

Жас мамандарға тәлімгер тағайындау туралы бұйрық шығарылсын.

Жауапты: меңгеруші, әдіскер, педагогтары

Отырыс төрайымы:



**Е.М.Гаврилина**

Хатшы:



**Р.Е.Талгатовна**



## «Kids Avenue» жеке балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны: 10

Уақыты: 26.11.2025 жыл

### Тақырыбы:

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік құзіреттілігін ойын арқылы дамыту жолдары

### Мақсаты:

Ойын әрекетінің бала тілін дамытудағы маңызын анықтау, педагогтердің озық іс-тәжірибесін тарату, балалардың тілдік құзіреттілігін арттыруға бағытталған тиімді ойын технологияларын жетілдіру.

### Күн тәртібі:

1. «Балалардың тілдік құзіреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» (іс-тәжірибе)  
Ж.А. Ермекова
2. «Ойын – бала өмірін ұйымдастырудың бір түрі»  
Тәрбиеші: К.Х. Мухамбетжанова
3. Брейн-ринг: «Ойын – елеулі іс»  
әдіскер: Е.М. Гаврилина
4. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» тақырыбында тақырыптық бақылау  
әдіскер: Е.М. Гаврилина

### 1- Тыңдалды:

Ж.А. Ермекова «Балалардың тілдік құзіреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті. Баяндамада ойынның бала тілін дамытудағы негізгі құрал екендігі, дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындардың сөйлеу белсенділігін арттырудағы рөлі атап өтілді. Балалардың сөздік қорын молайтуда, байланыстырып сөйлеуін дамытуда ойын түрлерін жүйелі қолданудың маңызы көрсетілді. Педагогтер ойын арқылы жүргізілетін оқу іс-әрекеттерінің балалардың қызығушылығын арттыратынын атап өтті.

### 2 -Тыңдалды:

Тәрбиеші: К.Х. Мухамбетжанова «Ойын – бала өмірін ұйымдастырудың бір түрі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашылар ойынның бала өміріндегі жетекші іс-әрекет екендігін, күн тәртібін ұйымдастыруда ойын элементтерін тиімді қолдану жолдарын, ойын арқылы тәрбиелеу мен оқытудың нәтижелілігін түсіндірді. Қатысушылар ойын барысында баланың еркін ойлау қабілеті мен қарым-қатынас дағдылары қалыптасатынын атап өтті.

### 3-Тыңдалды:

әдіскер: Е.М. Гаврилина ұйымдастырған «Ойын – елеулі іс» тақырыбындағы брейн-ринг өтті. Брейн-ринг барысында педагогтердің ойын технологиялары бойынша білім деңгейі, шығармашылық белсенділігі арттырылды.

### 4-Тыңдалды:

әдіскер: Е.М. Гаврилина «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылау нәтижелерімен таныстырды. Бақылау қорытындысы бойынша ойын әдістерінің оқу-тәрбие үдерісінде жүйелі қолданылып жатқандығы, алайда кейбір топтарда сөйлеу тілін дамытуға арналған ойындардың жеткіліксіз қолданылатыны анықталды.

### Шешімі:

1. Балалардың тілдік құзіреттілігін дамыту мақсатында оқу іс-әрекетінде, күн тәртібінің барлық кезеңдерінде дидактикалық, сюжеттік-рөлдік және сөздік ойындарды жүйелі түрде қолдану.

Жауапты: барлық тәрбиешілерге Мерзімі: үнемі

2. «Балалардың тілдік құзіреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» және «Ойын – бала өмірін ұйымдастырудың бір түрі» тақырыптарында ұсынылған іс-тәжірибелерді жинақтап, оны педагогтер арасында тарату әдіскерге жүктелсін.

3. «Ойын – елеулі іс» брейн-ринг нәтижелері бойынша педагогтердің ойын әдістері жөніндегі кәсіби құзіреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстар (семинар, кеңес) ұйымдастырылсын.
4. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» тақырыбында жүргізілген тақырыптық бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты түзету шаралары қабылданып, орындалуын бақылау әдіскерге жүктелсін.

Отырыс төрайымы:

*Е. - М. Г.*

Хатшы:

*Р. Г. Т.*



**Е.М.Гаврилина**

**Р.Г.Талғатовна**

**«Kids Avenue» жеке балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 28.01.2026 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

**Тақырыбы:** «Ойын – таным мен дамудың бастауы»

**Мақсаты:** Педагогтердің кәсіби дайындық деңгейін анықтау, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін меңгеру қабілеттерін жетілдіру. Ойын әрекетін ұйымдастырудың тиімді жолдарын қарастыру, ойын технологияларын қолданудың нәтижелілігін анықтау және талдау.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Кел ойнайық» тренингі.  
«Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» (іс-тәжірибе).  
Тәрбиеші: К.Х. Мухамбетжанова
3. «Музыкалық ойындар арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу».  
Музыка жетекшісі: В.Д. Денисова
4. «Танып, біліп, дамимын» педагогтерге арналған брейн-ринг.  
әдіскер Е.М. Гаврилина
5. «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» тақырыбындағы бақылау қорытындысы.  
әдіскер Е.М. Гаврилина
6. «Ойын әрекетіндегі жаңашылдық» көрмесі. Жауапты: педагогтер

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина сөз сөйлеп, №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп берді. Жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі уақытылы орындалғанын атап өтті. Сонымен қатар кейбір бағыттар бойынша жұмыстарды жетілдіру қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша К.Х. Мухамбетжанова «Кел ойнайық» тренингін өткізді. Тренинг барысында педагогтер ойын технологияларының тиімді тәсілдерімен танысып, тәжірибелік тапсырмалар орындады. Қатысушылар белсенділік танытып, өзара тәжірибе алмасты.

Сондай-ақ К.Х. Мухамбетжанова «Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті. Баяндама барысында ойын әрекетінің балалардың сөздік қорын байытуға, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні атап көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша В.Д. Денисова «Музыкалық ойындар арқылы балаларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу» тақырыбында баяндама жасады. Музыкалық ойындардың ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттырудағы, халықтық дәстүрлер мен ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудегі маңызы туралы тәжірибелік мысалдар келтірілді.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина педагогтер арасында «Танып, біліп, дамимын» атты брейн-ринг ұйымдастырды. Педагогтер үш топқа бөлініп, түрлі тапсырмаларды орындады. Нәтижесінде педагогтердің кәсіби білімдері, логикалық ойлау қабілеттері мен шығармашылық белсенділігі бағаланды.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина «Ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту» тақырыбындағы бақылау қорытындысымен таныстырды. Бақылау нәтижесінде педагогтердің ойын

технологияларын тиімді қолданатыны анықталды. Сонымен қатар кейбір топтарда ойындарды жоспарлау мен жүйелі ұйымдастыру бағытында толықтыру жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

Алтыншы мәселе бойынша педагогтер «Ойын әрекетіндегі жаңашылдық» тақырыбында көрме ұйымдастырды. Көрмеде заманауи ойын технологиялары, дидактикалық материалдар, авторлық ойындар мен әдістемелік құралдар ұсынылды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, ойын әрекетін жетілдіру жолдарын талқылады.

## СӨЙЛЕДІ:

Тәрбиеші Гульдана Талгатовна сөз алып, ойын технологиялары мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін атап өтті. Балалардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында әр ұйымдастырылған іс-әрекетте ойын элементтерін кеңінен қолдану қажеттігін айтты.

Тәрбиеші Мария Бакуовна көрмеде ұсынылған жаңашыл ойын құралдарын тәжірибеде пайдалану тиімді екенін атап өтіп, педагогтердің өзара тәжірибе алмасуы кәсіби шеберлікті арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

## Шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауапты: әдіскер

2. «Кел ойнайық» тренингінің нәтижесі қанағаттанарлық деп есептелсін.

3. К.Х. Мухамбетжанованың «Балалардың тілдік құзыреттілігін дамытудағы ойынның алатын орны» тақырыбындағы іс-тәжірибесі тиімді деп танылып, тәжірибе алмасу мақсатында педагогтер арасында таратылсын. Жауапты: әдіскер. Мерзімі: оқу жылы барысында

4. Музыкалық ойындарды балаларға ұлттық тәрбие беруде жүйелі түрде қолдану ұсынылсын.

Жауапты: музыка жетекшісі, тәрбиешілер. Мерзімі: тұрақты

5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ойын технологияларын қолдану бойынша тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын. Жауапты: әдіскер, педагогтер Мерзімі: тұрақты

6. Тақырыптық бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша түзету жұмыстары жүргізілсін. Жауапты: барлық тәрбиешілер Мерзімі: тұрақты

7. Көрмеде ұсынылған үздік педагогикалық тәжірибелер балабақшаның әдістемелік қоржынына енгізілсін. Жауапты: әдіскер Мерзімі: ақпан 2026 жыл

8. Балалардың тілдік, танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда ойын технологияларын тиімді пайдалану педагогтердің күнделікті жұмыс тәжірибесіне енгізілсін. Жауапты: барлық педагогтер Мерзімі: тұрақты

Отырыс төрайымы:



**Е.М Гаврилина**

Хатшы:



**Р.Г.Талгатовна**



## «Kids Avenue» жеке балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.03.2026 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

Тақырыбы: «Креативті педагог» іскерлік ойын

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық әлеуетін дамыту, заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдануға бағыттау және педагог еңбегін ынталандыру.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Креативтілік – педагог қызметіндегі басты қасиет». әдіскер Е.М. Гаврилина
3. «Креативті педагог» іскерлік ойыны. А.Мерекова
4. «Үздік педагогикалық идея» шығармашылық жобалар көрмесі.
5. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырудағы инновациялық технологиялардың рөлі.  
М.Сатыбалдиева
6. Педагогикалық кеңес шешімін қабылдау. әдіскер Е.М. Гаврилина

### ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина сөз сөйлеп, №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу нәтижелерімен таныстырды. Қабылданған шешімдердің басым бөлігі уақытылы орындалғаны, ойын технологияларын қолдану бойынша педагогтердің жұмыстары жүйелі жүргізілгені атап өтілді. Сонымен қатар анықталған кейбір кемшіліктер бойынша түзету жұмыстары жүргізілгені хабарланды.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина «Креативтілік – педагог қызметіндегі басты қасиет» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында қазіргі білім беру жүйесіндегі педагогтің шығармашылық қабілеті, жаңашыл идеяларды жүзеге асыруы және білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдануы кәсіби шеберліктің негізгі көрсеткіші екендігі айтылды. Педагогтердің креативті ойлау дағдыларын дамыту жолдары қарастырылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Мерекова «Креативті педагог» атты іскерлік ойын ұйымдастырылды. Педагогтер бірнеше топқа бөлініп, шығармашылық тапсырмалар орындады. Ойын барысында қатысушылар педагогикалық жағдаяттарды шешіп, жаңа идеялар ұсынып, кәсіби шеберліктерін көрсетті. Іскерлік ойын педагогтердің белсенділігін арттырып, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік берді.

Төртінші мәселе бойынша педагогтер «Үздік педагогикалық идея» тақырыбында өздерінің авторлық жұмыстарын, дидактикалық құралдарын және инновациялық әдіс-тәсілдерін таныстырды. Көрме барысында тиімді педагогикалық тәжірибелер ұсынылып, өзара тәжірибе алмасу жүзеге асырылды.

Бесінші мәселе бойынша педагог М.Сатыбалдиева инновациялық технологияларды қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Заманауи білім беру платформалары, ойын технологиялары, шығармашылық тапсырмалар мен жобалау әдістерінің тиімділігі туралы пікірлер айтылды.

### СӨЙЛЕДІ:

Педагог психолог М. Казғалиева сөз алып, креативті педагогтің кәсіби қызметіндегі маңыздылығына тоқталды. Ол балалардың қызығушылығын арттыруда шығармашылық әдістердің рөлі ерекше екенін атап өтті.

Тәрбиеші Г. Рысқалиева өткізілген іскерлік ойынның мазмұны мен ұйымдастырылуына оң баға беріп, мұндай шаралар педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететіндігін айтты.

**1. Шешімі:**

2. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Жауапты: әдіскер

2. «Креативтілік – педагог қызметіндегі басты қасиет» тақырыбында ұсынылған материалдар педагогтердің жұмыс тәжірибесінде қолданылсын.

Жауапты: барлық педагогтер. Мерзімі: тұрақты

3. «Креативті педагог» іскерлік ойынының нәтижелері оң деп бағалансын.  
4. Педагогтердің шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында инновациялық технологиялар мен заманауи әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.

Жауапты: барлық педагогтер. Мерзімі: оқу жылы бойы

5. Көрмеде ұсынылған үздік педагогикалық идеялар мен авторлық жұмыстар балабақшаның әдістемелік қорына енгізілсін.

Жауапты: әдіскер. Мерзімі: наурыз 2026 жыл

6. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында шығармашылық семинарлар, шеберлік сағаттары және тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты ұйымдастырылсын.

Жауапты: әдіскер. Мерзімі: жыл бойы

7. Педагогтердің кәсіби жетістіктерін насихаттау және ынталандыру жұмыстары күшейтілсін.

Жауапты: әдіскер. Мерзімі: тұрақты

Отырыс төрайымы:

*Е. - М. Г.*

**Е.М Гаврилина**

Хатшы:

*Р. Г.*

**Р.Г. Талгатовна**



## «Kids Avenue» жеке балабақшасының 2025–2026 оқу жылында ұйымдастырылған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №5 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 27.05. 2026 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылында жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы»

Мақсаты: Мамандар мен тәрбиешілердің оқу жылы бойы атқарған жұмыстарының есебін тыңдау және талдау. Тәрбие мен оқыту жұмыстарының нәтижелеріне баға беру, жетістіктер мен шешімін қажет ететін мәселелерді анықтау, келесі оқу жылына міндеттерді белгілеу.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Біздің жетістіктеріміз туралы».
3. «Диагностика нәтижелерін қолдана отырып, балалардың бір жылдағы жетістіктері туралы».
4. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбие мен оқыту үдерісіне өзіндік талдау».
5. «Жаз, сәлем!» жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын, оқу кестесін және күн тәртібін бекіту.
6. 2026–2027 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлердің тізімін бекіту.
7. Педагогикалық кеңес шешімінің жобасын талқылау және бекіту

### ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, инновациялық әдістерді енгізу және тәжірибе алмасу жұмыстарының жоспарға сәйкес жүргізілгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Е.М. Гаврилина мен педагогтер оқу жылы барысында қол жеткізілген жетістіктер туралы баяндады. Балалардың түрлі байқауларға, шығармашылық іс-шараларға қатысуы, педагогтердің кәсіби жетістіктері, ата-аналармен жүргізілген нәтижелі жұмыстар туралы ақпарат ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер балалардың даму мониторингі мен диагностика нәтижелерін таныстырды. Диагностикалық деректер негізінде балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық даму көрсеткіштерінің оң динамикасы анықталғаны айтылды. Сонымен қатар жекелеген балалармен түзету және дамыту жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша педагогтер мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен оқыту үдерісіне өзіндік талдау жүргізді. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижелері сараланып, тиімді әдістер мен кездескен қиындықтар талқыланды. Келесі оқу жылында жұмыс сапасын жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Бесінші мәселе бойынша әдіскер жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін және күн тәртібін таныстырды. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайтуға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар қарастырылды.

